

Түйін

Мақалада жаңа онжылдықтағы Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы мәселелері қарастырылды.

Summary

The tasks in the sphere of public health in Kazakhstan in new ten – year period are considered in the article.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Т.З.Төлегенов –

*Абай атындағы ҚазҰПУ «Халықаралық
қатынастары» кафедрасының аға оқытушысы*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев мемлекетіміздің болашақ стратегиялық жоспарларын айқындай келе, кезекті Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Халқымызда «Ынтымақты елде бақ тұрар» деген дана сөз бар. Біз қазығы берік, мемлекеттігі бекем, төрт құбыласы сай қазақ елінің айбынын асырып, атағын әлемге әйгіледік. Біз толайым табыстарға қол жеткізіп, биік белестерді бағындырдық, алайда алар асуымыз әлі де алда. Біз сияқты халқының саны аз, экономикасы даму үстіндегі елге технология ауадай қажет. Сонда ғана әлемнің алып мемлекеттері мен төңірегіміздегі елдер бізбен санасады. Бұл бағдарламаның түпкі мақсаты – еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, қазақтың ұлт болып өркендеуіне жол ашу, оның тілі мен мәдениетінің кең құлаш жаюына мүмкіндік туғызу. Келер ұрпақтың жүзін жарқын ететін бұл мақсатқа біз асқан табандылықпен ел бірлігін сақтай отырып қана қол жеткізе аламыз» - деп атап көрсетеді./1/

XXI ғасыр адамзат әлеміне алға басудың небір жетістіктерімен қатар үрей мен қорқынышын қоса жеткізуі әрбір саналы жанды толғандыруда. Қорқыныш пен үрей ертеңгі күнге сеніммен карауға кері әсерін беретіндігі белгілі. Қазіргі таңдағы лаңкестік, экстремизм мен сеператизмнің белең алуы қарқынды дамыған алпауыт мемлекеттіктердің өзін болашаққа бағытталған даму жоспарына қайта үнілуге мәжбүрлеуде. Әлемдегі әр мемлекет өзінің саяси сипаты мен тұрақты экономикалық дамуына нақты қол жеткізу үшін күрес майданында жүргенде жаһанданудың жалыны өз белгілерімен көріне бастады. Жаһанданудың басты үрдістері дегенде, оның үш сипаты: елдердің арасындағы тауар қозғалысы, капиталдың, адамдардың еркін қозғалысы айқын байқалуда екені белгілі. Жаһанданудың факторы ретінде халықаралық валюталық операциялардың серпінді дамуы басты жетістік ретінде саналуда. Дегенмен де осы аталған негізгі факторлар жоғарыда аталған лаңкестік пен экстремистік пиғылдардың еркін қанат жаюына мүмкіндік тудырушы рөлде

тұрмағанына куә бола аламыз ба? Бұған біз жаһанданудың келесі бір шешуші факторына саналатын ақпараттық даму еркіндігі мен идеялардың еркін қозғалысын қосайық. Барлығымызға белгілі жаһанданудың негізгі көрсеткіштері және көңіл қобалжытар қауіптісі десек те болады әр елдің әлеуметтік, саяси және мәдени айырмашылықтарының жойылуын айтуға болады. Бұдан келіп шығатын қорытынды қоғамдағы әлеуметтік топтардың арасындағы айырмашылық, жіктелу жедел түрде ашыла түседі. Міне, осы жағдайға келгенде үлкенді-кішілі мемлекеттердің барлығының да болашаққа салиқалы саясат ұстануы мен бағдар жасауы кезек күттірмейтін мәселеге айналған. Осы жаһандану үрдісіне сәйкес әр халық өзінің болашаққа даму жолы мен жаһандық толқындағы экономикасы мен әлемдік саясаттағы рөлін ерте бағамдауға тырысуда. Бұл үрдістен еңсесін енді ғана түзеген Қазақстан Республикасы да қалыспауда.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев мемлекетіміздің болашақ стратегиялық жоспарларын айқындай келе: “Жаһандану - әлемдік дамуды айқындайтын басым тенденцияға айналды”, - дейді. Сонымен қатар жедел қарқынмен дамып келе жатқан жаһандану толқынына төтеп беретіндей ел болу үшін саяси-әлеуметтік жетістіктерге қоса тұрақты экономика мен әлемдік рынокта өзіндік орыны бар технологиялық жетістіктерге жетудің қажеттілігін баса атап өтеді. “Жаһандану жағдайында жоғары деңгейде дамыған елдердің артықша ұтысқа кенелетіні түсінікті жайт. Басқа мемлекеттер, соның ішінде Достастық елдері шикізат ресурстарының көзі әрі техникалық деңгейі төмен өнімдерді өткізетін рынок ретінде әлемдік дамудың артқы шебінде қалып қою қаупі бар”, - дейді президент Н.Ә.Назарбаев.

“Болашақта әлемдік экономика негізінен Еуразияның есебінен қарыштап дамиды деген болжам айтылуда”. “Еуропаға жол” бағдарламасы Қазақстанның алдына қойылған міндеттерді айқындаудағы басты бағыттарды анықтауға арналған. Оған мысал, еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізген күндерден бері өркениетті елдермен экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, жаңа технологияларды тартуға бағытталған іс-шаралары өз нәтижесін беруде.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін жан-жақпен әр түрлі деңгейдегі байланыстарды орната отыра, өзінің аймақтық және әлемдік деңгейдегі тұрақтылық пен ынтымақтастық мәселелеріне де қатысты өз ұстанымдарын батыл түрде жариялауда. Қазақстан Республикасының халықаралық саясат алаңында өзіндік орны мен ұстанымы бар елге айналуын қазақстандықтар зор мақтанышпен айта алады. 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіміз осының айқын дәлелі. Бүгінгі таңда еліміз Еуропа Одағымен, НАТО-мен өзара сенімге құрылған әріптестік қарым-қатынастар орнатса, ал ШЫҰ, АӨСШК сияқты ұйымдарда белсене әрекет етіп келеді. Еліміздің ЕҚЫҰ – ға төрағалығы және екі жыл қатарынан «үштік» құрамында болуы халықаралық аренадағы беделді ұйымдардың арасындағы өзара сенім мен ынтымақты арттыруы тиіс. Осылайша, елімізге

Еуразиялық құрлықта маңызды міндеттер жүктеліп, үлкен жауапкершілік жүгі артылып отыр.

Ұлтаралық татулық пен дінаралық келісім ошағына айналып отырған Қазақстан Орталық Азиядағы және Еуразиялық құрлықтарындағы тыныштық пен бейбітшілікті сақтауда басты бітімгерлік миссияны атқаруда өзіндік тәжірибесі бар ел екені белгілі. Қазақстан Республикасының әлемдегі бейбітшілік пен татулық бағытына байланысты батыл көзқарасының бір белгісі ретінде, әсіресе Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыруға байланысты бірқатар ұсыныстар жасап отырғандығын атап өтуге болады. Егер бұл ұсыныстар шын мәнінде жүзеге асырылып жатса, онда осы елдегі жағдай біршама түзелетіні анық. Сондай-ақ, әлемді алаңдатып отырған Иран және Солтүстік Корея ядролық бағдарламаларының шектен шығып кетпеуіне Қазақстан ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан ел ретінде үлгі бола алады.

Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың дербес тұлғасы ретінде өмір сүрген алғашқы жылдарынан бастап-ақ мемлекеттік, аймақтық, әлемдік деңгейлердегі бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелеріне көңіл аудара бастаған ел ретінде танылды. Халықаралық байланыстары айтарлықтай кеңейіп, нығая бастаған “Шанхай ынтымақтастық ұйымы” қазіргі кезде өзінің саяси, қауіпсіздік және экономикалық күш-қуаты жағынан Азияда ғана емес, әлемдегі ең беделді ұйымдардың біріне айналып отыр. Ұйымның құрылуы мен өміршеңдігіне аса тығыз қатынасы бар Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттер аралық жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге ұмтылып, саяси көпполярлық, экономикалық және ақпараттық ғылымдану процестерінің дамуы жағдайында аймақтағы бейбітшілікті нығайту, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде жеткен жетістіктерін жоғары бағалайды. Қазақстан Республикасының тұрақтылық пен қауіпсіздік бағытындағы ұстанымдары қазіргі әлемдегі қауіпсіздікті тек әскери-саяси тұрғыдан ғана қарастыруға болмайтындығын, жаһандану дәуірінде қауіпсіздіктің экологиялық, технологиялық т.б. бағыттарын айқындай білуге жол сілтейді. Мемлекетіміздің қауіпсіздікті ынтымақтастық арқылы іске асыру ұстанымы өз нәтижесін беруде. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер арасындағы антитеррорлық сипаттағы негізгі құжаттың қабылдануы терроризмге, сеператизм мен экстремизмге қарсы күрестегі ынтымақтастық тұжырымдамасының оңды жағын көрсетті.

Қазақстан ұлтаралық татулық пен дінаралық келісім ошағына айналған мемлекет. Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының құрылтайлары Қазақстанда тұрақты түрде өткізіліп тұруы осының басты дәлелі болса керек. БҰҰ-ның бұрынғы бас хатшысы Кофи Аннан елімізге келген сапарында Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысына баға бере келе, елімізге «кішігірім біріккен ұлттар ұйымы» деп баға берген еді. Рим Папасы Иоанн Павел II Қазақстанға сапарында еліміздің «өркениеттер, халықтар, мәдениеттер және діндер арасындағы көпір» екендігін ерекше атаған еді.

Қазақстан сондай-ақ бірқатар халықаралық маңызы бар жиындарды да

өткізуге ықпал еткенін атап өткеніміз абзал. «Бейбітшілік пен тұрақтылық форумы» атындағы халықаралық бейбітшілік пен келісім конференциясының, ЕҚЫҰ толеранттылық жөніндегі келісімінің, ЕҚЫҰ ПА 17-ші сессиясының өткізілуі Қазақстанға деген нық сенім мен түсіністіктің орын алғандығын көрсетеді. Еліміздің мұсылман елдері, сондай-ақ ТМД мен Азия елдері арасынан бірінші болып ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі Батыс әлемінің мұсылмандарға деген теріс түсінігін түбірімен өзгертуге мүмкіндік туғызып отыр /2/. Қазақстан Республикасы дінаралық, мәдениетаралық үнқатысу бағытында, ұлттық және халықаралық деңгейдегі сенім мен діни, ар-ождан мен сөз еркіндігі, өзара түсінік пен құрмет, толеранттылықты орнықтыру бағыттарында аса жоғары нәтижелерге жетуде.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» Стратегиясының 10-жылдығымен тұспа-тұс келген «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты дәстүрлі халыққа жолдауында: «Тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы күннен бастап Сіздер мен біздер барлық қажыр-жігерімізді жұмсап, еңсесін асқақтатқан Жаңа Қазақстан барған сайын нық сеніммен алға басып келеді. Дамудың өзі таңдаған даңғылына түскен еліміздің атағы шартарапқа таралып, әлемдік қоғамдастықтың алдындағы абыройы да жылдан жылға артып отыр», - деп атап өткендігі белгілі /3/.

Тәуелсіздікке қол жеткізген әрбір мемлекеттің орнықты дамуы мен болашаққа нәтижелі қадамдар жасау мүмкіндігі ел басшылығы, оның саяси элитасының таңдап алған бағытына тікелей байланысты екендігіне Қазақстан Республикасының даму стратегиясы дәлел болуда. Халқының кең қолдауына ие болған келешегі зор идеологиялық бағыт-бағдарлар Қазақстан Республикасының жемісті дамуының кепілі ретінде танылуда. Қоғамның жаңа сапалы әлеуметтік – саяси деңгейге көтерілуі, үлкен серпілістер жолында жұмылған жұдырықтай бірігуі- әрбір мемлекеттің саяси идеологиясындағы басты ұстанымы. Яғни әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдерінің қатарына қосылу мақсатында жедел жаңару бағытын таңдаған Қазақстан Республикасы өзінің идеологиялық ұстанымында батыл қадамдар жасауда. 2011 жылы еліміздің Ислам Конференциясы Ұйымына да төрағалық етуі осы игі істердің әлемдік деңгейдегі жасампаздық жолына жұмсалатынына куә боламыз деп сенеміз.

1. Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауы. // Егемен Қазақстан. – 2010.- ақпан.

2. Тұранбайұлы А. Төрағалық жаңа жауапкершіліктер жүктейді. // Егемен Қазақстан. – 2009.- 18 тамыз.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауы. // Егемен Қазақстан. – 2007. - ақпан.

Резюме

Статья посвящена вопросам укрепления политико-правовой базы государства и новым возможностям и задачам Казахстана в постглобализационный период.

Summary

Article is devoted questions of strengthening of political-legal base of the state both new possibilities and problems of Kazakhstan in postglobalizational period.

ЕЛДЕГІ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

А.К.Көлбаев –

*Абай атындағы ҚазҰПУ «Халықаралық қатынастары» кафедрасының
аға оқытушысы*

Қазақстанның қазіргі саяси өмірінде терең әрі тез өзгеріп жатқан қарама-қайшылығы мол, ескі стереотиптерден бас тарту мен жаңа даму түрін іздеу, саяси-тарихи тәжірибені талқылау мен таяу және алыс болашақтағы мақсаттарға бағыт-бағдар жасау сияқты маңызды процестер жүріп жатыр. Қазақстан Республикасы тәрізді тоталитарлық жүйеден демократиялық қоғамға өтіп жатқан мемлекетте елдің саяси-экономикалық дамуының алғышарттарын талқылап, зерттеу мәселесі өте маңызды. Қазақстан қоғамының түбегейлі модернизацияға ұшырауы бұрынғы қалыптасқан саяси жүйенің, қарым-қатынастар мен саяси дамудың өзгеруіне әсер етті. Жаңа демократиялық қондырғылар, түсініктер, саяси институттар қалыптасты.

Қазақстан Республикасындағы жалпы қоғамдық-саяси даму ерекшеліктері негізінде саяси-экономикалық қатынастардың жаңа формалары мен даму үрдістерін, әрбір ұлттың ерекшеліктерін сақтай отырып, олардың ортақ мүдделерін қарастыру-қоғамның саяси тұрақтылығын қамтамасыз етер негізгі мүмкіндік көздері. Ал бұл мүмкіндіктерді іске асыруда қоғамдағы саяси және әлеуметтік институттардың ықпалы мен рөлі айқын сезіліп отыр. Елбасымыз “ең алдымен экономика содан кейін саясат” деп айтқандай, біздің еліміз үшін ең басты мақсат пен міндет – тәуелсіз елдің экономикасын қалпына келтіріп түзеп, одан әрі қарай дамып гүлдену болады. Мұнда, әрине ең алдымен ұлттық экономикалық қауіпсіздікке үлкен мән берілді. Мемлекет үшін экономикалық қауіпсіздік пен ұлттық мүдделерді қорғаудан биік, әр маңызды мақсат жоқ. Жалпы, айтқандай, экономикалық қауіпсіздік - Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігіне қатер төндіретін ішкі және сыртқы жағдайлардан, процестер мен факторлардан